



8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!



Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. "Экономика және құқық" факультетінің және "Еркін ойлар алаңы" пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен "JanaKazakhstan" атты облыстық пікірсайыс турниріне колледждің "Емдеу ісі" бөлімі, 110 топ студенті Мәулен Нұрлыбек қатысып, I Дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні қарсаңында колледж қызметкерлері А.М.Көпбергенова, Ж.Р. Керимова Құрмет грамоталарымен, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы. Білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан елеулі үлесі үшін және жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі жетістігі үшін колледж қызметкерлері А.А. Буксукбаева, А.А.Тирбосынова, П.А.Иманбердиева Алғыс хаттармен марапатталды.



Тараз қаласы "Жастар ресурстық орталығы" КММ - нің ұйымдастыруымен өткізілген орнаулы оқу орындары арасында футбол турниріне Жамбыл жоғары медициналық колледжі қатысып, II орын Дипломымен марапатталды.

Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Тоғызқұмалақтан Жамбыл облысының жастар арасындағы жекелей чемпионатында колледждің 131ЕА-11/21 топ студенті А.Пернебаева қатысып, Блиц түрінен I орын, Классика түрінен III орынға ие болып, Дипломмен марапатталды.



Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің арасында өткен "JANA QAZAQSTAN" тақырыбындағы қалалық сурет байқауында колледж студенттері қатысып, шығармашылығымен танылған А.Савченко III дәрежелі Дипломмен, И.Абдуазимова, II дәрежелі Дипломмен марапатталды. Топ кураторы: А.О.Бейсенбаева.



Қызылорда облысының білім басқармасы. Қызылорда медициналық жоғары Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" тақырыбындағы республикалық ғылыми-теориялық конференцияға колледждің 301М-9/19 топ студенті Еркін И.Т. қатысып, "Үздік әзірлеме" номинациясын иеленгені үшін Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: М.Ш.Уалиева.



Тараз қаласының әкімдігі, "Анаға тағзым" орталығы. Халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырған "Анаға сәлем" атты мәнерлер оқу байқауынан III дәрежелі орынмен 202 топ студенті А. Абдуллаев және 10 үздік бейне байқауынан 205 топ студенті М.Қуанышбай белсене қатысқаны үшін Дипломмен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында тоғызқұмалақтан Жамбыл облысының ерлер мен әйелдер арасындағы командалық чемпионатында колледждің 131 топ студенті Пернебаева Айдана жүлделі I орынға ие болып, Дипломмен марапатталды.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ЕСЕП БЕРУ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті ректоры Т.С.Нұрғожин, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Жамбыл облысы әкімі Б.М.Сапарбаевтың қабылдауында болды.

2 | "1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ"

1-Наурыз "Алғыс айту" күніне орай колледж студенттері "Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мерекелік кеш өткізді.

3 | "МЕЙІРГЕР ІСІНІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВРЫ" ДИПЛОМ АЛУ РӘСІМІ

2021-2022 оқу жылындағы «Мейіргер ісі» мамандығы, «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігінің студенттері дипломдық жұмыстарын қорғады және диплом тапсыру рәсімі.

4 | 8 НАУРЫЗ-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

№3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен "Адамзат асылы - Ана деген күдірет" тақырыбында мерекелік іс-шара.

5 | ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Колледждің тәрбие бөлімі және оқытушылар А.Д.Бахаева "Отанды қорғау-қасиетті борышын", Б.А.Қырықбаева «Ұлы дала сазы - Роза Бағланова» тақырыбында және "Теміржол қауіпсіздігі" тақырыбы бойынша тәрбие жұмыстары өткізілді.

6 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ

Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Жамбыл облысы полиция департаментінің қызметкерлерімен «Жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу» тақырыбындағы студенттермен кездесу.

7 | КЕЗДЕСУ

Колледждің тәрбие бөлімі және оқытушы Д.И.Турдалиевтің ұйымдастыруымен "Ауғанстан - жүректегі жара" тақырыбында Ауған соғысының аяқталғанына 33 жыл толуына арналған кездесу өткізілді. Колледждің "Жас Алаш" ПК мен Жамбыл политехникалық жоғары колледжі "Алғырлар" ПК арасында достық кездесу.

8 | ҚҰТТЫҚТАУ!!!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістіктері.





1 | ЕСЕП БЕРУ



21.02.2022ж. С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті ректоры Т.С.Нұрғожин және “Жамбыл жоғары медициналық колледжі” ШЖҚ КМК директоры Ж.Н.Сарыбекова Жамбыл облысы әкімі Б.М.Сапарбаевтың қабылдауында болып, сенімгерлік басқару жоспарына сәйкес міндеттемелердің орындалуы бойынша есеп берді. Жоспарға сәйкес 2021 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы НАО КазНМУ академиялық бакалавриат бойынша “Мейіргер ісі” мамандығын бітірген, жақсы оқу жетістіктері бар колледж түлектеріне гранттар беріліп, қазіргі уақытта 24 студент университетте білім алуда. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2021 жылдың 15-20 қарашасы аралығында С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ НАО базасында 8 студент, АЗМИ Бішкек қаласында 2 студент практикалық дағдыларды меңгерді. «Оқытудың инновациялық әдістері» тақырыбында 20 оқытушы академиялық ұтқырлық бойынша С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ НАО базасында шеберлік сыныбынан өтті. Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтарының мамандарымен семинарлар, шеберлік сыныптары және т.б.өткізіліп, 21 оқытушы онлайн форматта біліктілігін арттырды.Қазіргі таңда 2021 жылға жоспарланған тәжірибелік кабинеттерді интерактивті жабдықпен және симуляциялық орталық станциясын манекендер, тренажерлар, фантомдармен жабдықтау жұмыстары толығымен орындалды. Мысалы, «Жаңа туған нәрестенің күтімі мен жағдайын бақылауға арналған манекен», «Күтім дағдыларын жаттықтыруға арналған манекен, толық метражды Кейко манекені», Пирогов-1 «Интерактивті анатомиялық үстелі» алынды.2021 жылы Жамбыл облысы медициналық ұйымдарынан 262 маман біліктілігін арттыру циклдарынан өтті, оның ішінде дәрігерлер – 140, медбикелер-122. Жамбыл облысы әкімі Б.М.Сапарбаев Жамбыл облысы денсаулық сақтау саласының дамуына, медициналық мамандардың тапшылығын жою мәселесін шешуге С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің қосатын үлесі зор екенін айтты және екі оқу орын басшыларына бірқатар тапсырмалар берді.

2 | “1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ”



01.03.2022ж. “1 Наурыз - Алғыс айту” күніне орай колледж студенттер кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен “Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту орталығы”

коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мерекелік кеш өтті. Кеш барысында белсенді студенттер ем алушыларға мерекелік кешпен қатар сыйлықтар тарту етті.

3 | “МЕЙІРГЕР ІСІНІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВРЫ” ДИПЛОМ АЛУ РӘСІМІ



15.02.2022 ж. 2021-2022 оқу жылындағы «Мейіргер ісі» мамандығы, «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігінің 230/20-Р П Б У топ

студенттері дипломдық жұмыстарын аттестаттау комиссиясына қорғады. Комиссия төрайымы №5 қалалық емхананың бас дәрігері Д.А.Сарсенова болды. Комиссия мүшелері:

1. Ж.Н. Сарыбекова - колледж директоры;
2. Қ.Т. Андакулова - директордың тәжірибе ісі бойынша орынбасары;
3. Л.Т. Куанышбекова - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. Ұ.Е.Дүйсембаева - «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі. Жалпы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары қанағаттанарлық деп бағаланып, барлық студенттерге оң баға берді.



02.03.2022ж. 2021-2022 оқу жылындағы «Мейіргер ісі» мамандығы, «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

біліктілігінің түлектеріне арналған диплом тапсыру рәсімі өтті. Колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова түлектерді құттықтап, салтанатты түрде дипломдарын табыстады. Түлектерге сәттілік тіледі.

4 | 8 НАУРЫЗ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ



07.03.2022ж. 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесімен колледж жігіттері және №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӨК оқытушыларының ұйымдастыруымен “Адамзат асылы - Ана деген күдірет.” тақырыбында


мерекелік іс-шара өткізді. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова барлық әйелдер қауымын келіп жеткен көктемнің шуақты мерекесімен құттықтады. Іс-шарада әсем ән шырқалып, би биленді.

5 | ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ



03.02.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» 101 М-9/21 топ студенттерінің арасында “Отанды қорғау - қасиетті борыш” тақырыбында патриоттық бағытта тәрбие

жұмысы бойынша куратор сағаты өтті. Мақсаты: Студенттерді Отан сүйгіштік рухта, өз елінің нағыз қорғаушысы болуға және қарулы күштердің беделін арттырумен, патриотизмге, өмірдің құндылығын бағалауға тәрбиелеу. Топ жетекшісі: А.Д.Бахаева.



14.02.2022ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен III курс, «Мейіргер ісі» 306 М-9/19 топ студенттерімен «Ұлы дала сазы - Роза Бағланова» тақырыбында куратор сағаты өтті. Мақсаты: Студенттерді Отан сүйгіштікке, ерлікке,

адалдыққа баулу, ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыру, елін, жерін қорғауға, бейбітшілікті нығайтуға тәрбиелеу. Топ кураторы: Б.А.Қырықбаева.



04.03.2022 ж. Колледжде «Мейіргер ісі» 101 М-9/21 топ студенттерінің арасында “Теміржол қауіпсіздігі” тақырыбында алдын алу жұмысы бойынша куратор сағаты өткізілді. Тәрбиелік мақсаты:

1. Жолда жүру ережелерімен, жол белгілерімен таныстыру.
2. Теміржол – қауіпті аймаққа жататындығы туралы түсінік беру.
3. Жол ережесі, жол белгілері туралы білік- дағдыларын дамыту.

4. Жолда жүру ережесін есте сақтау, жолда жүру мәдениетін үйретіп сақтыққа тәрбиелеу.

6 | ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ



09.02.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Жамбыл облысы полиция департаментінің ж е д е л - криминалистикалық

басқармасының полиция майоры А.М.Қаршығабекова, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ Ю П Б У П И полиция капитаны С.Е.Убайдуллаев, Тараз қалалық №1 пробация қызметінің әділет майоры А.Е.Хасенов және Жамбыл облысы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыру және бақылау бөлімінің аға инспекторы Т.Ә.Тұрдалының қатысуымен «Жастар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу» тақырыбында студенттермен (онлайн) кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

7 | КЕЗДЕСУ



15.02.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімі және анатомия және физиология пәнінің оқытушысы Д.И.Турдалиевтің ұйымдастыруымен

“Ауғанстан - жүректегі жара” тақырыбында Ауған соғысының аяқталғанына 33 жыл толуына арналған кездесу өтті. Кездесу қонақтары: Жамбыл облысы Ауған соғысы ардагерлерімен мүгедектер одағының төрағасы Д.С.Ермекбаев және ардагерлер Н.О.Сембиев, Қ.С.Абдулаев.



22.02.2022 ж. Колледжде “Жас Алаш” ПК мен Жамбыл политехникалық жоғары колледжі “Алғырлар” ПК ұйымдарының арасында достық кездесу өтті. Бұл кездесудің басты мақсаты - екі клуб арасында керемет достық, бір-біріне деген таусылмайтын құрмет пен сыйластықты нығайту.